

Дәріс 1 АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕН ТҮСІНІГІ ҚҰРАМЫ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫ



Жоспары:

- **Агроөнеркәсіп кешенінің түсінігі және әлеуметтік экономикалық мақсаттары**
- **Агроөнеркәсіп кешені құрамы мен**
- **құрылымы**
- **Агроөнеркәсіптік кешен салалары арасындағы өндірістік және экономикалық байланыстар.**

**Бұл терминді 60 жылдары
американдық экономист Р.
Голдбергті енгізді.**

**Агроөнеркәсіптік кешенінің құрамына тек өндіріс
процесінде, әрі соңғы өнімді тұтынушыға жеткізуге
қатысатын технологиялық және экономикалық
жағынан өзара байланысты салалар кіреді.**



Агроөнеркәсіптік кешен дамуының негізгі әлеуметтік- экономикалық мақсаттары:

:

- ауыл шаруашылық өндірісінің тұрақты өсуіне қол жеткізу;

елдің азық-түлік мәселелерін шешу мен азық-түлік өнімдерін тұтыну деңгейін ғылыми негізделген нормаларға таяу;

КЕСТЕ 1

халықтың ауыл шаруашылығы шикізатынан жасалған азықтық емес тауарларына деген сұранысын қанағаттандыру;

аграрлық өнеркәсіпті интенсивті формаға көшіру, соңғы өнім өндірісінің қарқынды өсуін қамтамасыз ету;

ресурстарды әлуетті пайдалануды жақсарту және осы негізде өндіріс тиімділігін жоғарылату;

бірте-бірте азық-түлік өнімдерін экспортқа шығарушы елге айналдыру мақсатында сыртқы сауда айналымының құрылымын өзгерту.

1-кесте. Қазақстандағы жан басына шаққандағы азық-түлік тауарларын тұтынуы

Азық-түлік түрі	Тұтыну стандарты	Тұтынуы, кг/жылына			
		1990	1995	2000	2007
Ет және ет өнімдері	41,6	73	52	44	44,5
Сүт және сүт өнімдері	179,53	311	229	235	228
Балық және балық өнімдері	4,38	10,3	4,8	3,5	5
Жұмыртқа	103,4	225	97	102	140
Картоп	62,34	86	70	66	95
Қант	15,26	38	18,5	21	29,5
Көкөністер және бақша дақылдары	55,14	76	56	85	80
Өсімдік майы	8,47	11,2	7,6	8,9	11,2
Жемістер мен жидектер	29,19	23	11	14,7	40,8
Нан өнімдері	116,17	148	185	105	155

**Агроөнер-
кәсіптік
кешенінің
негізгі үш
саласы
бар:**

Бірінші сала агроөнеркәсіптік
кешенді өндіріс құрал-жабдықтармен
қамтамасыз ету

екінші саласына ауыл шаруашылық
өнімді өндірумен айналысатын
кәсіпорын мен ұйымдар кіреді

үшінші саласына ауылшаруашылық
өнімдерін қайта өңдеу, дайындау және оны
тұтынушыға жеткізуді қамтамасыз ететін
салалар және кәсіпорындар кіреді.

Агроөнеркәсіптік кешеннің бірінші саласы мынадай салаларды қамтиды:

- Трактор және ауылшаруашылығы машиналарын жасау, жеңіл және құрама жем шығаратын, мал шаруашылығы мен жем-шөп өндірісіне қажетті машиналар жасайтын өнеркәсіптер;**
- Ауыл шаруашылығындағы жабдықтардың барлық түрлерін жөндейтін өнеркәсіп кәсіпорындары;**
- Минералды тыңайтқыштар мен өсімдікті қорғау үшін химиялық заттар өндіретін өнеркәсіптер;**

Агроөнеркәсіптік кешеннің екінші саласы тікелей ауыл шаруашылығы салалары:

Өсімдік шаруашылығы, оған көкөніс шаруашылығы, бау-бақша шаруашылығы, астық өндірісі, мақта шаруашылығы, зығыр шаруашылығы және т.б. жатады.

Мал шаруашылығы, оған ірі қара мал шаруашылығы, шошқа шаруашылығы, қой шаруашылығы, құс шаруашылығы жатады. Сонымен қатар мал шаруашылығы салалары өнім өндіру сипаты бойынша: етті-жүнді қой шаруашылығы, сүт бағытындағы ірі қара мал шаруашылығы, ет бағытындағы ірі қара мал шаруашылығы және т.б.

**Агроөнер-
кәсіптік
кешеннің
үшінші
саласына
мыналар
жатады:**

**Тамақ, сүт және ет
өнеркәсіптері**

**Жеңіл өнеркәсіп (тоқыма,
аяқкиім, тері-былғары
және т.б.).**

Агроөнеркәсіптік кешен салалары арасындағы өндірістік және экономикалық байланыстар

- агроөнеркәсіп кешенінің барлық жүйесі үшін өндіріс құралдарының өндірісі;**
- ауыл шаруашылығы өндірісі;**
- ауыл шаруашылығы шикізатынан дайындалатын тұтыну заттарының өндірісі;**
- ұдайы өндіріс циклінің барлық сатысындағы өндірістік-техникалық және технологиялық қамтамасыз ету;**
- соңғы өнімді сату.**

**Назарларыңызға
рахмет!**